

КӨПМӘДЕНИЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

АМАНИЯЗОВА Б.А. , ЖАЛМАҒАНБЕТОВА А.С. , ТАСҚЫМБАЕВА Р.Б. 

*Аманиязова Бағдагүл Айтбайқызы - Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: bagdagul-1977@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

Жалмағанбетова Амангул Серикбаевна - Тарих магистрі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: amanek_botik@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-2034-8272>

Тасқымбаева Рая Баймұратқызы - Магистр, оқытушы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: moldir_merei66@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5904-5682>

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі жаһандану дәуірінде көпмәдениетті білім берудің тұлғаның әлеуметтену процесіне ықпалы жан-жақты талданады. Зерттеудің өзектігі қазіргі қоғамдағы полиэтникалық орта, көші-қон процестерінің күшеюі және ақпараттық кеңістіктің кеңеюімен байланысты. Мақаланың негізгі мақсаты - жастардың өз мәдениетін сақтай отырып, өзге мәдениеттерді қабылдай алатын, түсіне алатын әлеуметтік жауапты және бейімделгіш тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін педагогикалық және әлеуметтік тетіктерді анықтау. Зерттеу барысында теориялық талдау, контент-анализ, салыстырмалы әдістер қолданылды. Сонымен қатар, көпмәдениетті білім беру жүйесінде жобалық оқыту және веб-квест технологияларының тиімдігі қарастырылды. Нәтижесінде тұлға әлеуметтенуіне әсер ететін факторлар жүйесі (мега-, макро-, мезо-, микрофакторлар) талданып, ақпараттық кеңістіктің рөлі ерекше атап өтілді. Мақалада мәдениеттер диалогы қағидасының маңызы ашылып, оның тұлғаның сыни ойлауын, толеранттығын және мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамытудағы рөлі дәлелденді. Сонымен қатар, көпмәдениетті білім беруді жетілдірудің негізгі бағыттары ретінде тілдік полифония, сыни ойлау, инновациялық технологияларды енгізу ұсынылды. Қорытындыда көпмәдениетті білім беру тек педагогикалық құбылыс емес, қоғамдағы тұрақты пен келісімді қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды фактор екені айқындалды.

Түйін сөздер: көпмәдениетті білім беру, мәдениеттер диалогы, ақпараттық кеңістік, транзитив қоғам, құндылықтық таңдау, сыни ойлау, жобалық оқыту, мәдениетаралық коммуникация.

Кіріспе

Қазіргі жаһанданған әлемде қоғамның көпмәдениетті болуы қалыпты, бұл сипат білім беру саласына да тікелей әсер етеді. Әлем полиэтникалық ортада өмір сүру мен жұмыс істеуге дайын болу қажеттігін терең түсініп, көпмәдениетті білім беруді әлеуметтік-саяси дамудың ажырамас бөлігі деп таниды. ХХІ ғасыр қарсаңында ЮНЕСКО болашақта бейбітшілік мәдениеті, толеранттық және белсенді мәдениетаралық байланыс құндылықтарының басым болуын көздейтін жаһандық білім беру концепциясын ұсынды [1]. Қазіргі білім беру жүйесі жастардың бойында ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып, әртүрлі мәдениет өкілдерімен үйлесімді өмір сүру қабілетін қалыптастыруға бағытталған.

Қазіргі қоғамда көші-қон процестері, ақпараттық ашықтық және этникалық әртүрлік білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Түрлі мәдениет өкілдері арасындағы түсініспеулер мен этносаралық шиеленістерді болдырмау қажеттігі, ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, жалпыға ортақ құндылықтар - толеранттылық, құрмет, эмпатияны сіңіру, көпмәдениетті ортада еркін қарым-қатынас жасай алатын тұлға кез келген халықаралық ортада жақсы бейімделе алуы тақырыптың өзектігін білдіреді.

Зерттеудің мақсаты - жастардың бойында өз мәдениетін қадірлеумен қатар, өзге мәдениеттерді де қабылдауға қабілетті, әлеуметтік жауапты тұлға қалыптастырудың тиімді педагогикалық-әлеуметтік тетіктерін айқындау. Ол үшін, ең алдымен, көпмәдениетті ортадағы «әлеуметтену» ұғымының мазмұнын ашу, жастардың әлеуметтенуіне кедергі болатын факторлар - тілдік барьер, стереотиптер, этникалық тұйықталуды зерттеу, білім беру процесіне мәдениеттер диалогын дамытатын жаңа технологияны енгізу сияқты міндеттер қойылды.

Бұл тақырыптың маңызын үш деңгейде қарастыруға болады. Бірінші - тұлғалық деңгейде жеке адамның ішкі мәдениеті байиды, ой-өрісі кеңейеді, әлеуметтік икемдігі артады. Екінші - қоғамдық деңгейде қоғамдағы тұрақты пен татулықты сақтауға, азаматтық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді. Үшінші - халықаралық стандарттарға сай білім беру жүйесін қалыптастыру және мемлекеттің интеграциялық әлеуетін көтеру.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл зерттеу көпмәдениетті білім берудегі тұлғаның әлеуметтену ерекшеліктерін талдауға бағытталды. Мақаланы жазуда теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды. Теориялық тұрғыдан отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, соның ішінде көпмәдениетті білім беру, мәдениеттер диалогы, әлеуметтену теориялары бойынша ғылыми әдебиеттерге контент-талдау жүргізілді. Сонымен қатар, философиялық, педагогикалық және әлеуметтанулық тұжырымдамалар салыстырмалы түрде талданып, жүйеленді. Сонымен қатар, мақалада білім беру процесінде қолданылатын инновациялық технологиялардың, атап айтқанда жобалық оқыту мен веб-квест әдістерінің тиімдігіне талдау жасалды. Бұл әдістердің студенттердің сыни ойлауын, мәдениетаралық коммуникация дағдыларын және дербес шешім қабылдау қабілетін дамытудағы рөлі анықталды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеудің маңызды кезеңі - тұлға әлеуметтенуінің еңбекке дейінгі сатысы, яғни ерте жасөспірім және жасөспірім шақ. Бұл - адамның мектепте оқитын кезеңі. Дәл осы ортада тұлғаның өзіндік санасы, негізгі құндылықтары, әлеуметтік ұстанымдары мен құндылықтары қалыптасады. Бұл процеске түрлі жағдай әсер етеді. Педагог-ғалым А.В. Мудрик бұл факторларды төрт топқа бөледі [2]. Сонымен қатар, тұлғаның кәсіби білім, білік, дағдыларды меңгеруі, кәсіби ортаға бейімделуі, кәсіби тәжірибені игеруі және сол ортаның құндылықтарын қабылдауы – кәсіби әлеуметтену деп аталады. Бұл - тұлға әлеуметтенуінің маңызды бір бөлігі. Кәсіби қалыптасу мәселесін алғаш зерттеген Талкотт Парсонс кәсіби дамуды қоғам құрылымының негізгі элементі деп қарастырған. Ал жастар әлеуметтенуін терең зерттеген ғалым - И.С. Кон, ол жастарды маңызды әлеуметтік топ деп сипаттайды.

Енді А.В.Мудрик бөліп берген төрт факторға тоқталып, оларға анықтама беріп өтейік. Бірінші – мегафакторлар, бұл бүкіл адамзатқа ортақ, жаһандық деңгейде әсер ететін факторлар. Мысалы, ғарыш (космос), Жер планетасы, әлемдік үрдістер. Бұлардың ерекшелігі бұл факторлар барлық адамға жанама әсер етеді, көбіне басқа факторлар арқылы ықпал жасайды. Екінші - макрофакторлар, бұл белгілі бір елде немесе қоғамда өмір сүретін адамдардың әлеуметтенуіне әсер ететін ірі әлеуметтік құрылымдар. Мысалы, мемлекет, қоғам, ұлт, ел. Бұл факторлар белгілі бір мемлекет аумағындағы барлық адамға ортақ ықпал етеді. Үшінші – мезофакторлар, бұл - адамдардың үлкен топтарына тән, бірақ нақты орта немесе әлеуметтік жағдайлармен байланысты факторлар. Мысалы, тұрғылықты жер (ауыл, қала), БАҚ аудиториясы, субмәдениеттер. Бұл факторлар әлеуметтенуге тікелей де, жанама да әсер етеді. Төртінші – микрофакторлар. Бұл тұлғаға тікелей әсер ететін ең жақын әлеуметтік орта. Мысалы, отбасы, достар, құрбы-құрдастар, көршілер, білім беру мекемелері, қоғамдық және діни ұйымдар. Бұл факторлар адамның мінез-құлқы мен құндылықтарына ең күшті және тікелей әсер етеді [2].

Қазір виртуалды орта әлеуметтенудің жаңа және қуатты факторына айналып, тұлғаның тәжірибе жинақтау өрісін шексіз кеңейтті. Басқаша айтқанда қазіргі әлеуметтік жағдай - үнемі өзгеріп отыратын және күрделі құрылымы бар жаңа әлеуметтік кеңістік. Жаһандық әлеуметтік өзгерістер тұлғаның әлеуметтену процесіне міндетті түрде ықпал етіп, оның мазмұны мен сипатын өзгертеді. Осыған орай зерттеушілер жаңа әлеуметтік жағдайда әлеуметтену үдерісінің ерекшеліктерін зерттеуі керек. Бұл тұрғыда әлеуметтену факторы ретінде ақпараттық кеңістіктің рөлін талдаудың ерекше маңызы бар. Тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі мен оны жүзеге асыруы арасындағы байланысты зерттеу кезінде транзитивтік пен ақпараттық кеңістіктің өзара әрекеттесуін қарастырудың болашағы бар. Бір қарағанда, ақпараттық технология адамның қоршаған әлемді меңгеру жолдарын күрделі етіп, оны барынша әртараптандырады. Виртуал орта әлеуметтенудің екі жағын - тәжірибені игеру мен

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (84), маусым 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
оны қолдануды - бұрынғыдан да тығыз байланыстырып, айқын көрсетеді [3].

Қазіргі әлеуметтануда қоғамның дамуын түсіндіретін маңызды ұғымдар бар. Солардың ішінде мультимәдениетті әлеуметтік кеңістік, транзитив қоғам, ақпараттық кеңістік, әлеуметтік сәйкестік, көптік сәйкестік, құндылықтық таңдау және әлеуметтенудің жаңа парадигмасы ерекше орын алады [4]. Бұл ұғымның барлығы тұлғаның қазіргі қоғамдағы қалыптасу ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мультимәдениетті әлеуметтік кеңістік - түрлі мәдениеттің, этностардың, әлеуметтік және жас топтарының бір уақытта қатар өмір сүріп, өзара әрекеттесетін күрделі әлеуметтік ортасы. Мұндай кеңістіктің басты ерекшелігі - мәдени әртүрліктің болуы, яғни қоғамда түрлі тілдер, дәстүрлер, дүниетанымдар қатар дамиды. Сонымен қатар, бұл ортада әлеуметтік топтар арасында тұрақты өзара ықпалдастық жүреді, нәтижесінде тұлғаның әлеуметтік тәжірибесі кеңейеді. Алайда осы көптүрлік бірегейліктің күрделенуіне алып келеді, өйткені адам бір мезгілде бірнеше мәдени және әлеуметтік ықпалдың әсерінде болады. Транзитив қоғам ұғымы қазіргі қоғамның тұрақсыз, үнемі өзгеріс үстінде болатын сипатын білдіреді. Мұндай қоғамда құндылықтар, нормалар, мінез-құлық үлгілері үздіксіз трансформацияланады. Оның негізгі белгілеріне жоғары динамика, яғни өзгерістердің жылдам жүруі, әлеуметтік жағдайдың белгісіз болуы және болашақты болжаудың қиындығы жатады. Бұл жағдай тұлғаның бейімделу қабілетіне жоғары талап қояды, себебі адам үнемі өзгеріп отыратын ортада өмір сүреді.

Ақпараттық кеңістік - қазіргі қоғамдағы әлеуметтенудің маңызды факторының бірі. Ол адамның ақпарат алу, өңдеу және тарату мүмкіндігін қамтиды және интернет, бұқаралық ақпарат құралдары, цифрлық технология арқылы жүзеге асады. Ақпараттық кеңістік адамға тек жақын ортамен ғана емес, бүкіл әлеммен байланыс орнатуына жол ашты. Сонымен қатар, ол виртуал және нақты тәжірибені біріктіріп, жаңа әлеуметтік шындық қалыптастырды. Дегенмен, бұл процесс кейде виртуал және шынайы өмір арасындағы қайшылықтарды да күшейтеді. Әлеуметтік сәйкестік ұғымы тұлғаның өзін белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесі деп сезінуі мен қабылдауы. Қазіргі қоғамда бұл сәйкестік тұрақсыз, себебі әлеуметтік орта тез өзгереді. Екінші жағынан әлеуметтік орта көпқабатты, адам бір уақытта кәсіби, этникалық, жас ерекшелігіне байланысты топта бола алады. Осыған байланысты сәйкестік жиі өзгеріп, жағдайға байланысты қайта қалыптасып отырады. Келесі бір ұғым құндылық таңдау - тұлғаның өмірлік бағдарын анықтайтын маңызды механизм. Бұл - адамның түрлі құндылықтың ішінен өзіне маңыздысын саналы түрде таңдап, оларды жеке өмірлік ұстанымына айналдыру процесі. Бұл таңдау мінез-құлықты реттейді, шешім қабылдауға негіз болады және тұлғаның дүниетанымын қалыптастырады. Қазіргі күрделі әлеуметтік жағдайда бұл процестің ерекше мәні бар, өйткені адам көп баламаның арасынан таңдау жасауға мәжбүр.

Әлеуметтенудің жаңа парадигмасы қазіргі қоғамда тұлғаның дамуын жаңа қырынан қарастырады. Оның мәні – әр адамның өмір жолы бірегей және алдын ала толық анықталмаған деген идеяға негізделеді. Бұл тұрғыда тұлға пассив объект емес, керісінше белсенді субъект деп қарастырылады. Адам өз өмірін өзі құрады, әлеуметтік кеңістігін өзі қалыптастырады және даму бағытын өзі таңдайды. Нәтижесінде, әлеуметтену процесі стандарт емес, әр адам үшін жеке сипаты бар. Осылайша, қазіргі мультимәдениет пен транзитив қоғамда тұлғаның әлеуметтенуі күрделі, көпқырлы және динамикалық процесс. Ол ақпараттық кеңістіктің ықпалымен күшейіп, әлеуметтік сәйкестік пен құндылықтардың өзгеруіне әкеледі. Мұндай жағдайда тұлғаның белсенділігі, икемділігі және саналы таңдауы оның табысты әлеуметтенуінің негізгі шартына айналады. Қазір тұлғаның белсенділігі, өзін-өзі жүзеге асыруы және жеке даму жолы ерекше маңызды. Әлеуметтену енді дайын қоғамға бейімделу емес, керісінше, өз әлеуметтік кеңістігін құрастыру процесі.

Осындай әлеуметтік ортада көпмәдениетті білім берудің принциптері болады. Адекват шешімдер табу үшін белгілі бір аумақтағы халықтың полиэтникалық құрамы қандай жағдайларда қалыптасқанын түсіну маңызды. Ол тарихи тұрғыдан сол аумақты қоныстану мен даму барысында табиғи қалыптасты ма, әлде кейінгі онжылдықта халықаралық көші-қон процестерінің күшеюінің нәтижесі ме - осыны айқындап алу қажет. Әр жағдайда нақты әлеуметтік ахуалды жан-жақты талдап, оның ерекшеліктерін анықтап, соған сәйкес тиімді

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (84), маусым 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences шаралар жүйесін таңдау қажет. Мұндай амалдар кешенді сипатта болуы тиіс және әлеуметтік мәселелерді білім беріп, шешуге бағытталуы керек. Бұл жерде білім беру тек ақпарат беру құралы болуымен қатар, әлеуметтік үйлесімдік пен өзара түсінуді қалыптастыратын маңызды механизм деп қарастырылады. Қабылданатын шешімдер міндетті түрде гуманистік қағидаларға және құқықтық нормаларға сай болуы гуманизм принципіне негізделеді.

Әртүрлі этникалық топтардың, басым көпшілік немесе азшылық болсын, білім алу қажеттіктерінің теңдігі - әлеуметтік тұрақтылықтың басты шарты. Қоғамдағы жаһандану процестері, діни білім берудің жандана түсуі, ұлттық бірегейліктің күшеюі мультимәдениетті білім беруді үздіксіз дамытуды талап етеді. Бұл жағдай көпмәдениетті білім беру жүйесін басқаруды жетілдіру керектігін көрсетеді [1]. Оның тиімдігі, ең алдымен, даму қарқынына, өзгерістерге бейімделу қабілетіне және әлемдік қауымдастықта жоғары төзімдікті қалыптастыруға байланысты көрінеді. Көпмәдениетті білім берудің проблемалары мен ерекшеліктерін зерттеу үшін негізгі педагогикалық мақсат - плюрализм, теңдік және бірлікке жетуге мүмкіндік береді. Білім беру жүйесіндегі мәдени модельдердің плюрализмі мәдени әртүрлікті құрметтеуге және сақтауға жағдай жасайды. Әртүрлі этникалық топтардың, соның ішінде ірі және шағын этностардың білім алу қажеттерінің теңдігін мойындау - қоғамның тұрақтығы мен әлеуетін дамытудағы маңызды шарттардың бірі. Ал әртүрлі этномәдени дәстүрді біріктіру, оларды біртұтас жүйеге келтіру жас ұрпақты ұлттық, саяси, экономикалық және рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеуге ықпал етеді [5]. Осыған қарап, мультимәдениетті білім беру тек білім беру саласының міндеті ғана емес, ол – қоғамдағы келісім, тұрақтық және өзара түсіністікті қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды бағыт екенін көреміз.

Келесі мәдениеттер диалогы қағидасы ғылыми тұрғыда Михаил Бахтин және Владимир Библер еңбектерінде негізделген. Бұл қағида көпмәдениетті білім берудің негізгі принципінің бірі. Диалог принципі - түрлі мәдениеттің өзара ашық қарым-қатынасы, бір-бірін түсінуі, құрметтеуі және өзара ықпалдасуы арқылы дамуын білдіретін тұжырымдама. Әр мәдениет басқа мәдениеттермен қарым-қатынасқа түскенде өзін тереңірек таниды. Мәдениет тек өз ішінде емес, басқа мәдениеттермен байланыста дамиды. «Бөтен» мәдениет - қауіп емес, керісінше өзін түсінудің құралы. Диалог барысында мәдениеттер бір-бірін толықтырып, жаңа мағыналар қалыптасады. Бұл жердегі басты қағидалар: ашықтық, құрмет, теңдік, өзгешелікті қабылдау, өзара байыту. Әр мәдениет басқа мәдениеттерге ашық бола отырып, басқа мәдениеттің ерекшелігін, құндылығын мойындауы керек, барлық мәдениет тең, әр мәдениеттің өз ерекшелігін сақтау құқығын мойындау, мәдениеттер бір-бірінен үйреніп, дамытынын ұмытпау керек. Михаил Бахтин идеясына қарасақ, мәдениет өзін тек «басқа мәдениеттің көзімен» көргенде ғана толық түсіне алады және бір мағына екінші мағынамен тоғысқанда ғана терең ашылады. Диалог принципі білім беруде оқушылардың толеранттығын қалыптастырады, мәдениетаралық коммуникацияны дамытады, сыни ойлауды күшейтеді, тұлғаның әлеуметтік бейімделуін жеңілдетеді [2].

Тұлғаның көпмәдениетті ортада әлеуметтенуі белсенді болуы үшін заманауи технология қолданылады. Соның ішінде жобалық оқыту технологиясы - қазіргі білім беру жүйесінің тиімді әдістерінің бірі. Бұл технология студенттердің танымдық белсендігін арттыруға, ойлауын дамытуға және практикалық дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Оның негізін қалаған американдық философ әрі педагог Джон Дьюи, ал бұл идеяны әрі қарай дамытып, ғылыми тұрғыда негіздеген оның шәкірті Уильям Килпатрик болды. Жобалық оқыту әдісінің мәні - студенттердің нақты бір мәселені шешу барысында өз бетінше ізденіп, ақпарат жинап, оны талдап, өңдеп, нәтижесін ұсынуы. Бұл әдіс студенттерді тек дайын білімді қабылдап қоймай, білімді құрушы субъект ретінде қалыптастырады. Жобалық оқыту барысында студенттер ақпаратты іздеу, іріктеу және сыни талдау дағдыларын меңгереді, алынған мәліметтерді жүйелеп, қорытынды жасай алады, дербес шешім қабылдауға үйренеді, зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Мысалы, лингвоелтанулық жобаларда студенттер шет ел мәдениетінің ерекшеліктерін зерттейді, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсінеді, ұлттық дәстүрлер, құндылықтар мен дүниетанымды салыстырады,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (84), маусым 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
мәдениетаралық коммуникация дағдыларын қалыптастырады. Жобалық оқытудың заманауи формасының бірі - веб-квест технологиясы. Бұл әдіс проблемалық тапсырмаларды шешуге негізделеді, рөлдік ойын элементтерін қамтиды, интернет ресурсын белсенді пайдалануды талап етеді. Веб-квест барысында студенттер ақпаратты интернеттен іздейді, оны талдап, қайта өңдейді, тілдік материалды жүйелейді, нәтижесін презентация немесе жоба түрінде ұсынады. Веб-квест және жобалық оқыту студенттерде зерттеуші дағдылары, сыни ойлау, ақпараттық сауаттық, коммуникатив қабілет, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, бұл технология оқу мотивациясын арттырады, пәнге деген қызығуды күшейтеді, кәсіби-педагогикалық міндеттерді өз бетінше шешуге үйретеді. Ал цифрлық коммуникация, яғни Skype, Wiki, блогтар мен форумдарда әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдармен тікелей байланыс орнату - әлеуметтік және мәдени кедергілерді жоюдың тиімді құралы.

Көпмәдениетті білім беруді жетілдірудің жолдарын ұсынуға болады. Ең алдымен, тілдік полифония - көптілдік мәдениеті. Көпмәдениетті қоғамда тілдік полифония - тұлғаның табысты әлеуметтенуінің маңызды шарты. Бұл бағытта мемлекеттік тілді негізгі біріктіруші фактор етіп сақтап, өзге тілдерді меңгеріп, студенттердің әлемдік ақпараттық және мәдени кеңістікке шығуына мүмкіндік жасау көзделеді. Көптілдік мәдениеттер арасындағы коммуникацияны дамытады, жаһандық ақпаратқа қолжетімдікті арттырады, тұлғаның бәсекеге қабілеттігін күшейтеді [6]. Сонымен қатар тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ол - мәдениеттің тасымалдаушы. Сондықтан әрбір тілді меңгеру сол халықтың дүниетанымын, құндылықтарын және өмір салтын түсінуге жол ашады.

Тағы бір маңызды амал - сыни ойлауды дамыту, қазіргі ақпараттық қоғамда жастар толассыз ақпарат ағынының астында қалады. Сондықтан олардың сыни ойлау қабілетін дамыту - көпмәдениетті білім берудің маңызды бағыты. Бұл бағытта ақпаратты талдау және тексеру дағдысы қалыптасады, жалған немесе манипулятив ақпаратты ажырату үйретеді, діни және этникалық сипаттағы теріс насихатқа қарсы иммунитет қалыптасады. Сыни ойлау тұлғаның саналы таңдау жасауына мүмкіндік береді, радикал көзқарастардың алдын алады, әлеуметтік жауапкершілікті арттырады.

Қорытынды

Мақалада қазіргі жаһандану дәуірінде көпмәдениетті білім беру тұлғаның табысты әлеуметтенуіне әсер ететін негізгі тетіктердің бірі екені талданды. Көпмәдениетті ортада қалыптасқан тұлға өз мәдениетін сақтаумен қатар, өзге мәдениеттерді түсінуге, құрметтеуге және тиімді қарым-қатынас орнатуға қабілетті болады. Көпмәдениетті білім берудің негізгі мақсаттары – мәдени плюрализмді сақтау, білім алу мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз ету және қоғамдағы бірлікті нығайту екені дәлелденді. Сонымен қатар, мәдениеттер диалогы қағидасы тұлғаның дүниетанымын кеңейтіп, оның сыни ойлау қабілетін дамытуда маңызды рөл атқаратыны анықталды. Қорыта айтқанда, көпмәдениетті білім беру - педагогикалық процесс және қоғамдағы тұрақтықты, әлеуметтік келісімді және мәдени әртүрлікті сақтаудың стратегиялық құралы. Сондықтан білім беру жүйесінде осы бағытты жүйелі түрде дамыту, басқару тетіктерін жетілдіру және инновациялық әдістерді кеңінен енгізу – қазіргі заманның басты талаптарының бірі.

Әдебиеттер тізімі

1. Ovsienko L., Rakityanska L., Kulyk O., Pet'ko L., Turchynova G., Zavadska T. Development of multicultural education: tasks, tools and project solutions. TEM Journal. 2023. Vol. 12, Issue 3. P. 1451–1461. ISSN 2217-8309. URL: <https://doi.org/10.18421/TEM123-25>
2. Нестерова Т.А. Формирование межкультурной компетенции в условиях профессиональной социализации студентов педагогического колледжа: дис. ... канд. пед. наук. Белгород, 2018. URL: <https://www.bsu.ru/content/dissert/682/nesterova-t.a.-dissertaciya.pdf>
3. Дубовская Е.М. Социализация личности в мультикультурном пространстве как один из аспектов проблемы «личность и общество». Вестник РГГУ. Серия «Психология. Педагогика. Образование». 2019. № 4. С. 24–32. DOI: [10.28995/2073-6398-2019-4-24-32](https://doi.org/10.28995/2073-6398-2019-4-24-32).

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (84), маусым 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар–Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences

4. Марцинковская Т.Д. Идентичность в транзитивном и виртуальном пространстве. Вестник РГГУ. Серия «Психология. Педагогика. Образование». 2018. № 4 (14). С. 11–20.

5. Begaliyeva S., Issabekova G., Saudabaeva G., Zhanna A., Abdildaev A.K. Organizing the diagnostics of multicultural personality in college students. International Journal of Environmental & Science Education. 2016. Vol. 11, No. 8. P. 2185–2195. DOI: [10.12973/ijese.2016.589a](https://doi.org/10.12973/ijese.2016.589a).

6. Саванкова М.В., Ержанова А.Е. Шетел тілдерін оқытуда рефлексивтік амалды жүзеге асырудағы тілдік портфолионың ролі. Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия «Педагогические науки». 2017. № 3 (72). С. 71–78. ISSN 2412-2149.

References

1. Ovsienko L., Rakityanska L., Kulyk O., Pet'ko L., Turchynova G., Zavadskaya T. Development of multicultural education: tasks, tools and project solutions. TEM Journal. 2023. Vol. 12, Issue 3. P. 1451–1461. ISSN 2217-8309. URL: <https://doi.org/10.18421/TEM123-25>

2. Nesterova T.A. Formirovanie mezhekul'turnoj kompetencii v uslovijah professional'noj socializacii studentov pedagogicheskogo kolledzha: dis. ... kand. ped. nauk. Belgorod, 2018. URL: <https://www.bsu.ru/content/dissert/682/nesterova-t.a.-dissertaciya.pdf>

3. Dubovskaja E.M. Socializacija lichnosti v mul'tikul'turnom prostranstve kak odin iz aspektov problemy «lichnost' i obshhestvo». Vestnik RGGU. Serija «Psihologija. Pedagogika. Obrazovanie». 2019. № 4. S. 24–32. DOI: [10.28995/2073-6398-2019-4-24-32](https://doi.org/10.28995/2073-6398-2019-4-24-32).

4. Marcinkovskaja T.D. Identichnost' v tranzitivnom i virtual'nom prostranstve. Vestnik RGGU. Serija «Psihologija. Pedagogika. Obrazovanie». 2018. № 4 (14). S. 11–20.

5. Begaliyeva S., Issabekova G., Saudabaeva G., Zhanna A., Abdildaev A.K. Organizing the diagnostics of multicultural personality in college students. International Journal of Environmental & Science Education. 2016. Vol. 11, No. 8. P. 2185–2195. DOI: [10.12973/ijese.2016.589a](https://doi.org/10.12973/ijese.2016.589a).

6. Savankova M.V., Erjanova A.E. Setel tilderin oqytuda reflektivtik amaldy juzege asyrudagy tildik portfolionyn rol'i. Izvestija KazUMoiMJa imeni Abylaj hana. Serija «Pedagogicheskie nauki». 2017. №3 (72). S. 71–78. ISSN 2412-2149.

ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СОЦИАЛИЗАЦИИ ЛИЧНОСТИ В УСЛОВИЯХ ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ

АМАНИЯЗОВА Б.А. , ЖАЛМАГАНБЕТОВА А.С. , ТАСКЫМБАЕВА Р.Б. 

*Аманиязова Багдагул Айтбаевна - Магистр, преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г. Ақтөбе, Қазақстан

E-mail: baqdaqul-1977@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

Жалмаганбетова Амангул Серикбаевна - Магистр, преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г. Ақтөбе, Қазақстан

E-mail: amanek_botik@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-2034-8272>

Таскымбаева Рая Баймуратқызы - Магистр, преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Ақтөбе, Қазақстан.

E-mail: moldir_merei66@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5904-5682>

Аннотация. В данной статье рассматривается влияние поликультурного образования на процесс социализации личности в условиях глобализации. Актуальность исследования обусловлена ростом полиэтничности общества, усилением миграционных процессов и расширением информационного пространства. Целью работы является определение эффективных педагогических и социальных механизмов формирования личности, способной сохранять собственную культурную идентичность и одновременно принимать другие культуры. В исследовании использованы теоретические методы анализа научной литературы, контент-анализ и сравнительный подход. Особое внимание уделено современным образовательным технологиям, таким как проектное обучение и веб-квест, и их роли в развитии критического мышления и межкультурной коммуникации.

Результаты исследования показали, что социализация личности в поликультурной среде определяется системой факторов (мега-, макро-, мезо- и микроуровней), а также усиливается влиянием информационного пространства. Значительное внимание уделено принципу диалога культур, который способствует развитию толерантности, расширению мировоззрения и формированию навыков межкультурного взаимодействия. В статье предложены пути совершенствования поликультурного образования, включая развитие языковой

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (84), маусым 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
полифонии, критического мышления и внедрение инновационных технологий обучения. В заключении подчеркивается, что поликультурное образование является не только педагогическим процессом, но и важным стратегическим ресурсом обеспечения социальной стабильности и межкультурного согласия.

Ключевые слова: поликультурное образование, диалог культур, информационное пространство, транзитивное общество, ценностный выбор, критическое мышление, проектное обучение, межкультурная коммуникация.

WAYS TO IMPROVE PERSONALITY SOCIALIZATION IN A MULTICULTURAL EDUCATIONAL ENVIRONMENT

AMANIYAZOVA B.B.*, ZHALMAGANBETOVA A.C., TASKYMBAEVA R.B.

***Amaniyazova Bagdagul Aitbaevna** - Master of arts, lecturer, K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: baqdaqul-1977@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

Zhalmaganbetova Amangul Serikbayevna - Master, lecturer, K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: amanek_botik@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-2034-8272>

Taskymbaeva Raya Baimuratovna - Master, senior lecturer, K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: moldir_merei66@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5904-5682>

Abstract. This article examines the impact of multicultural education on the process of personality socialization in the context of globalization. The relevance of the study is determined by the increasing polyethnicity of modern society, intensified migration processes, and the expansion of the information space. The main objective of the research is to identify effective pedagogical and social mechanisms for developing individuals who are capable of preserving their own cultural identity while being open to other cultures. The study employs theoretical methods such as literature analysis, content analysis, and comparative approaches. Particular attention is given to innovative educational technologies, including project-based learning and web-quest methods, and their role in fostering critical thinking and intercultural communication skills. The findings reveal that personality socialization in a multicultural environment is influenced by a system of factors (mega-, macro-, meso-, and micro-levels), with the information space playing a significant role. The principle of the dialogue of cultures is emphasized as a key factor in developing tolerance, broadening worldview, and enhancing intercultural competence. The article also proposes practical ways to improve multicultural education, including the development of linguistic polyphony, strengthening critical thinking, and integrating innovative teaching methods. In conclusion, multicultural education is not only a pedagogical phenomenon but also a strategic tool for ensuring social stability, intercultural harmony, and sustainable societal development.

Key words: multicultural education, dialogue of cultures, information space, transitive society, value choice, critical thinking, project-based learning, intercultural communication.